

Келісемін  
«Қостанай облысы  
әкімдігінің білім  
басқармасы» ММ  
басшысы А. Ибраева

2023 жылғы «04» акпан



Бекітемін

«Қостанай облысы  
әкімдігінің мәдениет  
басқармасы» ММ  
басшысы Е. Қалмақов

2023 жылғы «\_\_\_\_\_» акпан



**Торғайдың топ жарғаны, халық ақыны –  
Нұрхан Ахметбековтың 120 жылдығына арналған  
«Жас тұлпар» облыстық оқушылар айтысының  
ЕРЕЖЕСІ**

**Мақсаты**

- Болашақ ұрпаққа айтыс өнерін жеткізу, оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыру, ақындығын дамыту;
- Халық ақыны Нұрхан Ахметбековтың мұрасын дәріптеу,
- Өз ойын поэзия тілімен шебер жеткізе алатын оқушы ақындарды анықтау.

**Өткізілетін мерзімі**

2023 жыл, 28-29 наурыз

**Ұйымдастырушылар**

- «Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы» ММ;
- «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ;
- «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнеқор орталығы» КМҚК.

**Айтыстың жалпы сипаттамасы**

- I кезең – аудандық деңгейде өтеді;
- II кезең – облыстық айтыс.

**Қатысушыларға қойылатын талаптар**

Қатысушылардың ойдан өлең құрастыру шеберлігі, суырып салмалығы, домбыра тартуы, сөз өткірлігі, сөз тапқырлығы, ұлттық киімде өнер көрсетуі талап етіледі. Облыстық айтысқа I кезеңнің жеңімпаздары қатыса алады. Облыстық ақындар айтысының жеңімпаздары республикалық оқушылар айтысына қатысуға ұсынылады.

### **Облыстық айтыс ІІ айналымнан тұрады**

- І айналым – іріктеу кезеңі;
- ІІ айналым – ақтық сын (финал);
- Ақындардың айтысу уақытының ұзақтығы – 20-25 минут.

### **Қазылар алқасы**

- Қазылар алқасының құрамы елімізге танымал ақын-жазушылардан, айтыс өнерінің қыр-сырын білетін кәсіби мамандардан тұрады;
- Қазылар алқасы 10 балдық жүйемен бағалайды;
- Қазылар алқасының шешімі қайта қаралмайды.

### **Бағалау критерилері**

- Тақырыпты аша білуі;
- Сөз саптауы;
- Ақындық шеберлігі;
- Қарсыласқа ұтымды жауап беруі;
- Сахна мәдениеті.

### **Марапаттау**

- Бас жүлде;
- І орын – 1-еу;
- ІІ орын – 1-еу;
- ІІІ орын – 2-еу;
- Ғ. Ахметчин атындағы арнайы жүлде – 1-еу;
- Қалған қатысушылар қатысқаны үшін марапатталады.

### **Өтінімдерді тапсыру шарттары**

- Қатысушы жайлы толық ақпарат (*аты-жөні, шығармашылық түйіндеме, сыныбы, жетекшісі, байланыс телефоны, айтыстарға қатысқандығы жөніндегі мәлімет*) көрсетілуі керек;
- Өтінімдер аудандық (қалалық) білім бөлімдерінен жіберілуі тиіс;
- Өтінімдер [hsb@ocsnt.kz](mailto:hsb@ocsnt.kz) электронды поштасы бойынша және Қостанай қаласы, Лермонтов к-сі, 15 үй мекен-жайы бойынша 1-ші наурыз, сағат 17:00 дейін қабылданады;
- «Жас тұлпар» облыстық оқушылар айтысы Арқалық қаласы, Қазақ жасөспірімдер театрында өтеді;
- Байланыс телефоны: 8 (7142) 56-01-29, 56-04-12, 8 707 563 31 52.

### **Жол шығындары, тамақтану**

Жол шығындары, тамақтану жіберуші жақтың есебінен.

**Торғайдың топ жарғаны, халық ақыны –  
Нұрхан Ахметбековтың 120 жылдығына арналған  
«Жас тұлпар» облыстық оқушылар айтысына  
өтінім**

<b>Аудан, қала</b>	
<b>Қатысушының аты-жөні</b>	
<b>Жас ерекшелігі</b>	
<b>Оқу орыны, сыныбы</b>	
<b>Шығармашылық түйіндемесі, Айтыстарға қатысқаны туралы мәлімет</b>	
<b>Жетекшісінің аты-жөні, байланыс ұялы телефоны</b>	
<b>Қатысушының байланыс ұялы тел.:</b>	

*(жіберуші жақтың  
мекемесінің атауы)*

\_\_\_\_\_ (қолы)

*(басшысының аты-жөні)*